

РЕСПУБЛИКА – ХАЛЫҚ ЕРКІНДІГІНІҢ,
ЕЛ БІРЛІГІНІҢ СИМВОЛЫ!



№42 (181)

25 ҚАЗАН
СЕНБИ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau

www.janabastau.kz



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ЕЛ БОЛУ ЖОЛЫНА ТҮСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған салтанатты жиында сөз сөйлеп, Тәуелсіздікті нығайта түсу баршамызға ортақ қасиетті борыш екенін айтты.



– Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күні құтты болсын! Ұлттық мейрам қарсаңында дәстүрге сай Ақорда төрінде мемлекетіміздің үздік азаматтарымен бірге жиналып отырмыз. Биыл еліміз азаттықтың мерейлі белесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай, жұртымыз Тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан қастерлі күн деуге болады. Тәуелсіздік – бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу – баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік – ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, «біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз».

– Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады» деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет және қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен бірге келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік мақсаттарға ұмтыламыз. Осы жылдарда еліміздің бағындырған белестері аз емес. Біз жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылды. Шекарамызды шегендеп, іргемізді бекітіп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өттік. Бүгінде жаһан жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, өз құрметін көрсетуде. Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмайтыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқығы жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап Кассациялық сот жүйесі іске қосылып, қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, «біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз».

– Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады» деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет және қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен бірге келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік мақсаттарға ұмтыламыз. Осы жылдарда еліміздің бағындырған белестері аз емес. Біз жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылды. Шекарамызды шегендеп, іргемізді бекітіп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өттік. Бүгінде жаһан жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, өз құрметін көрсетуде. Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмайтыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқығы жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап Кассациялық сот жүйесі іске қосылып, қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Республика күні қарсаңында қалалық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен Қосшыда алғаш рет аналар арасында волейболдан жарыс өтті. Оған 25-45 жас аралығындағы 80 әйелден құралған 8 команда қатысты. Салтанатты ашылуында кеңес төрайымы Әйгерім Көкеева мен №4 орта мектептің директоры Жанаәділ Мақатов қатысушыларға сәттілік тіледі. Ойын нәтижесінде I-орынды қалалық мектеп гимназияның, II-орынды №3 мектеп-лицейінің, III-орынды қоғамдық мәдени-спорт кешенінің аналар командасы жеңіп алды. «Үздік ойыншы» номинациясын Перизат Сарқытбаева, Ақмарал Құттыбаева, ал «Үздік доп үйлестіруші» номинациясын Әсемгүл Ерікова иеленді.

Республика күніне орай Тайтөбе ауылдық мәдениет үйінде дәстүрімізді дәріптеп, ұлт руханиятын ұлықтаған «Бақыттың бастауы – бата» тақырыбында батагөй ақсақалдар сайысы өтті. Іс-шараның мақсаты – ата-баба дәстүрін жаңғырту, жас ұрпаққа баталы сөздің қадірін ұғындыру және шешендік өнерді насихаттау. Қатысушылар арнайы марапаттармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Қосшы қаласы мен «Лесная Поляна» тұрғын алабында жолдарға жасанды жол кедергілері орнатылып, жаяу жүргінші жолақтары жаңартылды. Бұл – көлік жылдамдығын шектеп, жаяу жүргіншілердің жолды қауіпсіз кесіп өтуі үшін жасалған шара.

Тайтөбе ауылында жалпы ұзындығы 12,4 шақырым болатын 26 көшеге жол салынып жатыр. Сонымен қатар Қосшы мен Тайтөбені байланыстыратын жол жөнделіп, осы бағытта көше жарығы орнатылды.

Қала әкімі Азамат Есімұлының тапсырмасымен Ақан сері-Зайсан көшелерінің қиылысындағы жол жөнделді. Бұрын ол аумақ ойыс жерде болғандықтан, жаңбыр мен еріген қар сулары жиналып, жолдың беті бұзылып, қолайсыздық тудыратын. Енді жолдың жабындысы нығайтып, деңгейі 10-15 сантиметрге көтерілді және екі қабат асфальт төселді. Осылайша тұрғындарға жаяу да, көлікпен де жүруге қолайлы жағдай жасалды.

Қосшыдағы жаңа саябақ аумағына мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, белсенді жастар сәндік қарағай ағаштары мен теректер екті. Оларға армрестлингтен халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Азия чемпионы, рекордсмен, көпшілікке «темір адам» деген лақап атпен танымал Темір Спатаев қолғабыс жасады.

МЕРЕЙДІ ҮСТЕМ ЕТКЕН МЕРЕКЕ

Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді айқындайтын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке. Бұл күнді 2022 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұлттық сипатта, жаңа мазмұнда атап өту дәстүрі қалыптасты. Еліміздің әр өңірінде кең көлемде аталып өтіп жатқан мерекені Қосшы қаласының тұрғындары мен қонақтары да ерекше ықыласпен қарсы алды.





Қадірлі жерлестер, құрметті қонақтар!

Баршаңызды еліміздің басты мерекесінің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – халқымыздың сан ғасырлық арманын жүзеге асырған, егемен ел болу жолындағы ұмтылысының символы. Республика күні – тәуелсіздіктің бастауы, азат ой мен ел бірлігінің мерекесі.

Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалаған тұлғаларға, ел ертеңі үшін еңбек етіп жүрген әрбір азаматқа алғыс айтамыз. Себебі Тәуелсіздік – тек өткеннің естелігі емес, бүгінгі еңбегіміздің, ертеңгі ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміздің кепілі.

Құрметті қауым!

Тәуелсіздік пен ел дамуының нышаны ретінде соңғы төрт жылда Қосшы қаласы да қарқынды дамудың жолына түсті. Қалада жаңа мектептер мен әлеуметтік маңызды ғимараттар бой көтеріп, инженерлік инфрақұралымды жетілдіру жолында біраз шаруа жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Қосшы бүгінде жаңа мүмкіндіктер мен еңбектің, ынтымақ пен бірліктің тоғысқан арнасы десек, артық болмайды.

Бұл жетістіктердің бәрі – Сіздердің, құрметті жерлестер, қолдауларыңыз бен белсенділіктеріңіздің нәтижесі.

Сіздердің қала өміріне бейжай қарамай, өз үлестеріңізді қосып келе жатқандарыңыз үшін үлкен ризашылығымды білдіремін.

Ардақты ағайын!

Республика күні – елдігіміздің, бірлігіміздің, татулығымыздың белгісі.

Бірлігіміз бекем, еңсеміз биік болсын! Еліміздің абыройы асқақтап, Тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық пен береке тілеймін!

Мереке құтты болсын!

Ізгі ниетпен,

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев

ЭТНОС ӨКІЛДЕРІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАДЫ

Қосшы қаласы әкімдігінің «Тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Республика күніне орай қазақ тілінің А және В топтары тыңдаушыларының қатысуымен «Бірлігіміз жарасқан елміз» атты ашық сабақ өтті.



Іс-шараның мақсаты – Республика күні мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру, тыңдаушылардың тілдік құзыреттілігін арттыру және этнос өкілдері арасында өзара сыйластық пен бірлікті нығайту.

Сабақ барысында тыңдаушылар еліміздің тарихы, мемлекеттік рәміздер, ұлттық мерекелер туралы мәліметтермен танысып, Қазақстан Республикасының Әнұранын айтып, топтық және жеке тапсырмалар орындады. Әр топ өздерінің шығармашылық жобаларын көрініс, бейнеролик және презентация түрінде ұсынды. Сонымен қатар мерекеге байланысты викториналық сұрақтар мен тілдік ойындар ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытты. Олар құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында ұлттық ойындар ойнап, ұлттық тағамдардан дәм татып, ұлттық киім үлгілерімен танысып, қазақ халқының «Қара жорға» биін билеп, ұйымдастырушыларға ризашылық білдірді.

Ашық сабаққа Қосшы қаласы әкімдігінің «Тілдерді оқыту орталығы» КММ директоры, әдіскері және өзге де мамандар қатысып, өз пікірлерін айтып, тыңдаушыларды ынталандырып, оларға тіл үйрену жолында сәттілік тіледі. Сабақ соңында орталық директоры Саян Асқарұлы белсенді тыңдаушыларға алғыс хаттар табыстап, барлық қатысушыға мерекелік көңіл-күй сыйланды.

Мұндай ашық сабақтар біздің орталықта жиі болады және этнос өкілдерінің мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттырып, ел бірлігі мен татулығын нығайтуға зор ықпал етеді.

Айнұр ТЕЛҚОЖАЕВА,

Қосшы қаласы

«Тілдерді оқыту орталығы» КММ

қазақ тілі оқытушысы

ЖЕР УЧАСКЕСІН ЖЕКЕ МЕНШІККЕ САТУ ТӘРТІБІ

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері порталы (қолжетімділік арналары):

1. көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
2. www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал)

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21366 болып тіркелген) бекітілген «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сатуға арналған өтініш;
- 2) жеке куәлік не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісінің көшірмесі.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталға мыналарды ұсынады:

- көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен немесе көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда, ұялы байланыс операторы ұсынған бір реттік құпиясөзбен куәландырылған электрондық құжат нысанында Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сатуға арналған өтініш;
- жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісінің электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын қызметтің басталуы туралы, жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден талап етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:



5 (бес) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

Көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы шешімі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

«Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты» ММ

ЖАСТАР

КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Ақмола облысы жастар ресурстық орталығының жыл сайын өткізетін «Жастарға ақпараттық түсіндіру тобы» іс-шарасы биыл Қосшы қаласының жастары және «IL-TOV» ЖШС кәсіпорнының өкілдерімен кездесу форматында жалғасын тапты.



Кездесудің негізгі мақсаты – жастарды мемлекеттік қолдау тетіктерімен таныстыру, жаңа мүмкіндіктер жөнінде ақпарат беру және олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдау.

Шара барысында жастар кәсіпорынның жұмысымен танысып, өндіріс үдерісін өз көздерімен көрді. Сонымен қатар орталық мамандары облыс пен республикада жастарға қатысты іске асып жатқан жобалар жөнінен жан-жақты мағлұмат берді.

Облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Дастан Ермеков, «Волонтерлерді қолдау орталығы» фронт кеңсесінің басшысы Дидар Хамзин және NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру бөлімінің міндетін уақытша атқарушы Шыңғысхан Елеш жастарға түрлі гранттық жобалар, мем-

лекеттік бағдарламалар, әлеуметтік қолдау бағыттары туралы толық ақпарат ұсынып, сұрақтарына жауап берді.

Қатысушылар мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижелерін көріп, өз мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажеттігін түсінді.

Іс-шараға қатысқан кәсіпорын жастарының бірі Айдос Сейітұлы өз пікірін білдірді.

«Бүгін өте пайдалы кездесу болды. Көп ақпарат алдық. Мемлекет тарапынан жастарға қаншама мүмкіндік бар екеніне көзім жетті. Осындай кездесулер жиі өткізіліп тұрса, жастар өз жолын тауып,

белсендірек болар еді. Ең бастысы, бізді тыңдайтын, қолдайтын орталық бар екенін сезіндік», – деді ол.

Кездесу соңында қатысушылар орталық құрылымымен танысып, жастар саясатына үлес қосқан бірқатар қызметкер арнайы марапатталды.

Мұндай іс-шаралар жастардың қоғамдағы белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың болашаққа деген сенімін нығайтады.

Лаура ТАРҒЫНОВА,

Қосшы қаласының ЖРО маманы

МЕРЕЙДІ ҮСТЕМ ЕТКЕН МЕРЕКЕ

(Басы 1-бетте)

Бұл жолы да шаһардың қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өткен салтанатты концерт мереке рухын айшықтап, ел бірлігінің нышанына айналды.

Еңселі ғимараттың іші әсем әуен мен шаттыққа толы болды. Қала тұрғындары мен қонақтары орын толтыра келіп, сахнадағы әр көріністі ыстық ықыласпен тамашалады. Кеш шымылдығын патриоттық бейнеролик пен оқушылардың орындауындағы әсерлі әндер ашты.

Осыдан кейін сахна төріне қала әкімі Азамат Қапышев көтеріліп, барша қосшылықтарды және келген меймандарды мерейлі мерекемен құттықтады.

Мереке аясында әкім Азамат Есімұлы мен қалалық мәслихат төрағасы Әлихан Құатбеков өз еңбегімен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматқа медальдар мен алғыс хаттар табыс етті.

– Қала өміріне бейжай қарамай, өз үлестерін қосып келе жатқан барша тұрғынға шынайы ризашылығымды білдіремін. Республика күні – елдігіміздің, бірлігіміздің, татулығымыздың белгісі. Әрқайсыңыздың еңбегіңіз Қосшының дамуына және халқымыздың игілігіне бағытталған, – деді әкім марапат иелеріне ризашылығын білдіре отырып.



Фото: Азамат Қапышев

Салтанатты жиынның көркін өнерпаздардың әсерлі бағдарламасы қыздырды. Сахна төрінде әуеленген ән, мың бұрала билеген бишілердің қимылы көрерменнің көңілін толқытты.

Кеш барысында көрермен арасынан көтеріңкі көңіл күйі, мақтаныш сезімі байқалды.

Әкім атап өткендей, бұл – халықтың еңбегі мен бірлігінің жемісі. Республика күні соның айқын дәлелі іспетті: ел ертеңіне сенім ұялатқан рухты мереке.

P.S. Салтанатты іс-шара барысында республикалық «Jana Bastau» газетінің бас дизайнері Ербол Қанатұлының да қала әкімі Азамат Қапышевтің Алғыс хатымен марапатталғанын айта кеткен жөн. Газетіміздің бет-бейнесі – әріптесімізді құттықтаймыз!

Ғани АТЫМТАЙ

ТҮРЛІ ҰЛТ ТҰТАТЫСТЫҒЫН ОРТАҚ ТІЛ ҚАЛЫПТАСТАЫРАДЫ

Еліміз үшін этносаралық татулық – ішкі тұрақтылық пен қоғамдық бірліктің кепілі. Осы тұрғыдан алғанда, 2021 жылы қала мәртебесіне ие болған Қосшы қаласын этносаралық қарым-қатынасты дамытуға сүбелі үлес қосып отыр деуге толық негіз бар.

Қосшының елорда іргесінде орналасуы демографиялық-әлеуметтік өзгерістерге әсер етпей қоймайды. Сол себепті қазір мұнда халық саны жоғары өсім көрсетіп отыр. Бұл жағдай этностық құрам мен әлеуметтік құрылымға да тікелей сеп болады. Қаладағы халықтың ұлтаралық құрылымына қатысты нақты статистика мұқият жарияланбағанмен, мұнда мультиэтникалық орта қалыптасқан. Сондықтан Қазақстандағы этносаралық қатынас пен ұлтаралық саясат аясында «ұлтаралық келісім – ішкі тұрақтылықтың кепілі» деген қағидаттың маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, Қосшыда этнос өкілдерін қамтитын мәдени-рухани шаралар жиі ұйымдасты-

рылып тұрады.

Мысалы, қаладағы Тілдерді оқыту орталығында этносаралық топтармен тәжірибе алмасу жұмысы жақсы жолға қойылған. Сонымен қатар қалалық кітапханада Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамаларын арқау еткен іс-шаралар өтіп тұрады. Осыдан-ақ Қосшының өзінде тек қазақ ұлты ғана емес, бірнеше этнос өкілдерінің де тату-тәтті өмір сүріп жатқанын көруге болады.

Айрықша атап өтерлігі, бүгінде Қосшыдағы түрлі этнос өкілдері мемлекеттік тілді белсенді түрде меңгеріп отыр.

Сондай-ақ бұл қалада ұлтаралық бірлікті дамытуға мүмкіндік беретін басты факторлар мыналар:

- орналасқан жердің Астана маңында болуы түрлі этнос пен миграциялық ағымдардың Қосшыға жиі қоныстануын қамтамасыз етеді.

- мемлекеттік этносаясат, атап айтқанда Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі арқылы этносаралық татулықты нығайту шаралары қолжетімді. Бұл мүмкіндіктер әлі де толық пайдаланылған жоқ, бірақ перспективасы мол.

Енді Қосшы қаласында ұлтаралық бірлікті әрі қарай нығайту үшін этностық құрылым бойынша деректер жинап, этносаралық құрам, тілдік дағдылар, миграциялық ағымдар бойынша жаппай сауалнама жүргізілген тиімді. Тіл үйрету бағдарламаларын кеңей-



тіп, мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған тегін курстар, мәдени-тілдік ортаға интеграциялау шараларын жиі өткізіп тұруға болады. «Достық дастарханы», мәдени фестиваль, тіл-мәдениет клубтары сияқты байланыс платформаларын дамыту арқылы

этносаралық диалогты күшейткен де маңызды. Егер жастар арасында ұлтаралық клубтар құрылса, әртүрлі этнос өкілдері бірге жобалар жасап, бір-бірін жақынырақ тануға мүмкіндік алар еді.

Қазір қала басшылығы мен қоғамдық институттар этноса-

ралық татулықты ту етіп ұстау жолында мүмкіндігінше жұмыс істеп жатыр. Осылайша ұлтаралық ортақ мәдени кеңістікті дамыту Қосшы қаласының тұрақты дамуының негізі болуға тиіс.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

Әр әріп – жауапкершілік, әр жазу – ұлттың жүрегінен шыққан үн

Қала көшелері тірі шежіре секілді. Ондағы әр атау, әр жазу – халқымыздың мәдениеті мен рухани келбетінің айнасы. Көшеде ілінген маңдайша мен хабарландыру, дүкен атауы мен көше тақтасы – бәрі де күн сайын мыңдаған адамның көзіне түсетін мәтіндер. Сол себепті көрнекі ақпарат пен көше атауларының сауатты жазылуы – жай ғана талап емес, елдің мәдени деңгейін көрсететін рухани жауапкершілік.

БІР ӘРІПТІҢ ҚАТЕСІ СӨЗ ҚАДІРІН БҰЗАДЫ



Кейде жарқыраған жарықта көз тартқан маңдайша бір қарағанда тартымды көрінеді, бірақ бір әріптің немесе сөздің қате жазылуы оның сәнін кетіріп, көзге емес, санаға оғаш әсер қалдырады. Себебі тілге деген ұқыптылық – адамның ішкі мәдениетінің, ал қоғамның тілге деген көзқарасы – елдің рухани дәрежесінің көрінісі. Сауатты жазылған сөз жылуды сыйлап, көңілге сенім ұялатады. Ал қате жазу, керісінше, сөзге де, тілге де құрметтің жетіспейтінін аңғартады.

Көшедегі жазулар – жай белгілер емес, тәрбиенің бір бөлігі. Бала күн сайын сол жазуларды көріп өседі, үлкендер сол арқылы қоғамның мәдени талғамын бағамдайды. Демек, көрнекі ақпараттар мен көше атаулары – тек бағыт-бағдар беруші емес, халықтың тілдік санасына, ұлттық рухына ықпал ететін тәрбиелік құрал. Сондықтан әр маңдайшада, әр көше тақтасында ана тіліміздің сұлулығы мен нақтылығы көрініс табуға тиіс.

Қазір кейбір нысан атауы шетел тілінде немесе аудармасыз беріліп жатады. Әрине, заман талабына сай брендтер мен

халықаралық атаулар болуы мүмкін, алайда мемлекеттік тілдің қолданысы мен абыройы екінші орынға сырғымауы керек. Бұл мәселе – сын айту емес, керісінше, тіл мәдениетін сақтау қажеттігін еске салу. Қазақ тілі – біздің болмысымыздың тірегі. Сондықтан оны әр жазуда көрініс табатындай дәрежеге жеткізу – ортақ міндет.

Мемлекеттік тіл – ортақ құндылығымыз, ұлттық бірегейліктің өзегі. Сол құндылықты құрметтеу – әр азаматтың азаматтық парызы. Тілдің нормасын сақтау – тек филологтардың ісі емес, ол әр мекеменің, әр кәсіпкердің, әр азаматтың мәдениеті мен жауапкершілігінің өлшемі.

Көшедегі жазулар сауатты, мазмұнды, эстетикалық жағынан үйлесімді болса, ол – қаланың көркі ғана емес, елдің еңсесі. Тілге деген құрмет жазудан басталады, ал жазудағы ұқыптылық ойдың тазалығын, ұлттық мәдени дәрежесін танытады.

Айымгүл АХМЕДИЯНОВА,
«Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ бас маманы

ҚАМ КӨҢІЛДІ КӨТЕРГЕН ҚАМҚОРШЫЛАР

Қосшы қаласында дүниежүзілік Қамқоршылар күніне орай «Мейірімді жүрек» атты іс-шара ұйымдастырылды.



Ізгілік пен жан жылуын дөріп-теген іс-шараға мектеп ұжымы, ата-аналар, демеуші азаматтар мен қонақтар қатысты. Мектеп директоры Гүлжанат Байжанова мейірім мен қамқорлықтың қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтіп, барлық қатысушыға алғыс білдірді.

Іс-шара барысында мектептің тұрақты демеушілері сахна төріне шақырылып, олардың игі істері үшін алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Мейірім мен қамқорлықтың үлгісін көрсеткен азаматтар қатарында ұзақ жылдар бойы мектеп ұжымына қолдау көрсетіп жүрген мейірімді жан Константин Лю, ізгілігі мен

қамқорлығы үшін құрметке ие тұлға Сайра Матайбаева, қайырымдылықты өмірлік ұстаны-

мы еткен азамат Дидар Ләкімжанов, әрдайым қолдау көрсетуден жалықпайтын жанашыр ұстаз Шолпан Өтегенова, балаларға сенім мен үміт сыйлап жүрген қамқоршы Айдын Төребаев, мектептегі Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, үлгі тұтар тұлға Хабдилбар Абаков, ата-аналар мен мектеп арасындағы алтын көпір, ұйымшыл тұлға Әсел Құнанбайқызы болғанын айта кеткен жөн.

Мектептің өнерлі оқушылары жүрекжарды өлеңдерін оқып, «Болашағы біз елдің»

әнін хормен орындады.

Сондай-ақ ұстаздар ұжымы дайындаған папури мен оқушылардың «Жарқын болашақ» биі көрерменге ерекше көңіл күй сыйлады.

Мектеп директоры қамқоршы болу тек материалдық көмек емес, жанашырлық, ізгілікке уақыт бөлу, мұқтаж жанға махаббат пен үміт сыйлау екенін, мұндай жандар қоғамның алтын тірегі саналатынын атап өтті.

Өз тілшімізден



ПООЩРЕНИЯ ЗА ПОМОЩЬ В ВЫЯВЛЕНИИ КОРРУПЦИИ

Как действовать в случае предложения или вымогательства взятки:

- вести себя крайне осторожно, вежливо, без заискивания, не допуская опрометчивых высказываний, которые могли бы трактоваться взяткодателям (взятковывомгателем) либо как готовность, либо как категорический отказ принять (дать) взятку;

- внимательно выслушать и точно запомнить предложенные Вам условия (размеры сумм, наименование товаров и характер услуг, сроки и способы передачи взятки, форма коммерческого подкупа, последовательность решения вопросов);

- постараться перенести вопрос о времени и месте передачи взятки до следующей беседы и предложить хорошо знакомое Вам место для следующей встречи;

- не берите инициативу в разговоре на себя, больше «работайте на прием», позволяйте потенциальному взяткополучателю (взяткодателью) «выговориться», сообщить Вам как можно больше информации;

- при наличии у Вас диктофона постараться записать (скрытно) предложение о взятке или ее вымогательстве.

В Казахстане предусмотрено вознаграждение за

сообщение о коррупционном правонарушении, по которому сумма взятки или причиненного ущерба не превышает 1 тыс. месячных расчетных показателей (2, 917 млн тенге), составит от 30 до 100 МРП.

Единовременное денежное вознаграждение устанавливается в следующих размерах:

- по административным делам о коррупционных правонарушениях – 30 МРП;

- по уголовным делам о коррупционных преступлениях небольшой тяжести – 40 МРП;

- по уголовным делам о коррупционных преступлениях средней тяжести – 50 МРП;

- по уголовным делам о тяжелых коррупционных преступлениях – 70 МРП;

- по уголовным делам об особо тяжелых коррупционных преступлениях – 100 МРП.

По коррупционным правонарушениям, по которым сумма взятки или причиненного ущерба, или стоимость представленных льгот или оказанных услуг превышает 1000 МРП, единовременное денежное вознаграждение составляет 10% от суммы взятки или причиненного ущерба, но не более 4 тыс. МРП (11, 668 млн тенге). Финансирование поощрений производится за счет средств республиканского бюджета.

«Медина-М» ЖШС, БСН 200340004847 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Мичуринское ауылы, Придорожная көшесі, 67/1 үй. т.: 8 705 514 67 83

ТОО «Медина-М», БИН 200340004847 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Западно-Казахстанская область, р-н Бәйтерек, поселок Мичуринское, ул. Придорожная, д.67/1. тел.: 8 705 514 67 83

«ПСК NAZAR» ЖШС, БСН 190740024564 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 19/2 үй. т.: 8 707 158 76 60

ТОО «ПСК NAZAR», БИН 190740024564 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул. Шәймерден Қосшығұлұлы, д.19/2. тел.: 8 707 158 76 60

«SPEZIA» ЖШС, БСН 151040020343 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атымен арналған ауданы, Бұхар Жырау даңғылы, 28 үй, н.п.2. т.: 8 702 393 04 19

ТОО «SPEZIA», БИН 151040020343 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Карагандинская обл., г. Қарағанда, р-н имени Қазыбек Би, пр. Бұхар Жырау, д.28, н.п.2. тел.: 8 702 393 04 19

«НҮР-СТРОЙ XXI» ЖШС, БСН 141240010956 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кубрина көшесі, 20/1 үй, 341 пәтер. т.: 8 777 772 77 32

ТОО «НҮР-СТРОЙ XXI», БИН 141240010956 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа ул. Кубрина, д.20/1, кв 341. тел.: 8 777 772 77 32

Жоғалған шетелдік рұқсат бланкісі Ресейге 3 еден, №0802917, Астана қаласының көлік бақылау инспекциясымен ИП Нұржигитова М.Д.-ға берілген, жарамсыз деп есептелсін.

Утеранный иностранный бланк разрешения Россия из 3 стран, номер 0802917 выданный инспекцией транспортного контроля г. Астана, на ИП Нуржигитова М.Д. считать не действительным.

«GRAND EVENT» ЖШС, БСН 130940001056 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Күйші Дина көшесі, 23 үй, 63 кеңсе. т.: 8 778 000 47 67

ТОО «GRAND EVENT», БИН 130940001056 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы ул.Күйші Дина, д.23, офис 63 тел.: 8 778 000 47 67

«Даму-Ньет» ЖШС, БСН 150940013390 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Қордай көшесі, 75 үй, 138 пәтер. т.: 8 778 000 47 67

ТОО «Даму-Ньет», БИН 150940013390 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы ул.Қордай, д.75, кв.138 тел.: 8 778 000 47 67

«МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ «ЗАЕМ.KZ» ЖШС, БСН 250740019224 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, А 123 көшесі, 7 үй, 34 пәтер. т.: 8 705 423 16 33

ТОО «МИКРОФИНАНСОВАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ «ЗАЕМ.KZ», БИН 250740019224 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарайшық ул.А 123, д.7, кв. 34 тел.: 8 705 423 16 33

«Доверие» Ломбард» ЖШС, Астана қ., 585/583/750 сынамалы алтыннан жасалған кепілге қойылып, бірақ қайтарылмаған мүлікті сату бойынша сауда өтетіні туралы хабарлайды: 2025 жылғы 31 қазан күні сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін. т.: 8 707 940 05 05

ТОО «Ломбард «Доверие» г.Астана, сообшцает о торгах невыкупленного заложенного имущества из золота 585/583/750 пробы: 31 октября 2025 г. с 9.00ч до 20.00ч т.: 8 707 940 05 05

«PromGaz Astana» ЖШС, БСН 221040017428 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Щучинск қаласы, Ақсу көшесі, 30 үй, 6 пәтер. т.: 8 700 777 02 03

ТОО «PromGaz Astana», БИН 221040017428 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Ақмолинская обл., Бұрабайский р-н, г.Щучинск, ул.Ақсу, д.30, кв.6 тел.: 8 700 777 02 03

«КАЗРЕНТ24» ЖШС, БСН 241140021324 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түркіб ауданы, Кобикова көшесі, 55 үй. т.: 8 701 716 35 63

ТОО «КАЗРЕНТ24», БИН 241140021324 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Түркібский р-н, ул.Кобикова, д. 55 тел.: 8 701 716 35 63

«Нурсталь2020» ЖШС, БСН 211040005650 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Металлургов даңғылы, үй 23/1. т.: 8 771 288 48 09

ТОО «Нурсталь2020», БИН 211040005650 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Карагандинская обл., г.Теміртау, пр.Металлургов, д.23/1 тел.: 8 771 288 48 09

«Premier Investments» ЖШС БСН 130240013748 жарғылық капиталдың мөлшерін 33 195 065 (отыз үш миллион жүз тоқсан бес мың алпыс бес) теңгеге дейін азайтатынын хабарлайды.

Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде қабылданады. Телефон: 8 702 107 49 11

ТОО «Premier Investments» БИН 130240013748 сообшцает об уменьшении уставного капитала до 33 195 065 (тридцать три миллиона сто девяносто пять тысяч шестьдесят пять) тенге. Требования кредиторов принимаются в течение 1 (одного) месяца со дня публикации объявления. Тел: 8 702 107 49 11

МҰРАГЕРЛІК ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Азамат Үргенішбаев Бегдулла Байбекетұлы қайтыс болуына байланысты мұра ашылды.

Мұра ісі нотариус Исаева Айгүл Қайырғалиевнаның өндірісінде.

Мүдделі тұлғалар 6 ай ішінде нотариуска хабарласуы тиіс.

Мекенжайы: Астана қ., Түркістан көшесі, 34

Байланыс телефоны: 8 776 200 40 00

ОБЪЯВЛЕНИЕ О НАСЛЕДСТВЕ

В связи со смертью гражданина Ургенишбаева Бегдуллы Байбекетовича открыто наследственное дело.

Дело находится в производстве у нотариуса Исаевой Айгуль Кайырғалиевны. Заинтересованным лицам необходимо обратиться к нотариусу в течение 6 месяцев.

Адрес: г. Астана, ул. Туркестан, 34

Телефон: 8 776 200 40 00

«Мангистау Мунай Сервис» ЖШС, БСН 130940007550 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, үй 87. т.: 8 771 111 31 75

ТОО «Мангистау Мунай Сервис», БИН 130940007550 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Мангистауская обл., г.Ақтау, 14 микрорайон, д.87. тел.: 8 771 111 31 75

«ТРАНС-ТАХОГРАФ-СЕМЕЙ» ЖШС, БСН 040840017139 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, 14 Ибраев көшесі, үй 181, 43 пәтер.

ТОО «ТРАНС-ТАХОГРАФ-СЕМЕЙ», БИН 040840017139 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Восточно-Казахстанская обл., г.Семей, ул.Ибраева, д.181, кв.43

«DASI» ЖШС, БСН 230240029468 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, үй 30 Тел.: 8 702 287 36 88

ТОО «DASI» БИН 230240029468 сообшцает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есіл, ул.Әлихан Бөкейхан, д.30.тел.: 8 702 287 36 88

МҰРАГЕРЛІК ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Азамат Кузнецов Александр Валерьевичтің 2025 жылғы 16 шілдеде қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.

Мұра ісі нотариус Оразалинова А.М. өндірісінде.

Мүдделі тұлғалар 2026 жылғы 16 қаңтарға дейін нотариуска хабарласуы тиіс.

Мекенжайы: Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 11/5, 2-блок, 10-қабат, 1008-кеңсе.

Электрондық пошта: aysha.oralinova@mail.ru

Байланыс телефоны: +7 775 433 4030

ОБЪЯВЛЕНИЕ О НАСЛЕДСТВЕ

В связи со смертью гражданина Кузнецова Александра Валерьевича, скончавшегося 16 июля 2025 года, открыто наследственное дело.

Дело находится в производстве у нотариуса Оразалиновой А.М.

Заинтересованным лицам необходимо обратиться к нотариусу до 16 января 2026 года.

Адрес: г. Астана, пр. Кabanбай Батыра, 11/5, блок 2, этаж 10, офис 1008.

Электронная почта: aysha.oralinova@mail.ru

Контактный телефон: +7 775 433 4030

Қазір бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға кедергі келтіретін қауіптердің бірі – діни экстремизм. Бұл құбылыс халықаралық деңгейде өзекті мәселеге айналып отыр. Қазақстан да жаһандық үрдістерден шет қалған жоқ. Ел ішінде соңғы жылдары діни көзқарастағы радикалды топтардың әрекеттері тіркеліп, қоғамда алаңдаушылық тудырып отыр. Осы ретте діни экстремизм ұғымының мәнін түсініп, оның пайда болу себептерін талдап, қоғамға келтіретін салдарын саралау маңызды.

Дін – адамзат тарихындағы ең көне және терең рухани-мәдени институттардың бірі. Ол адам санасын ізгілікке, мейірім мен әділеттілікке тәрбиелеуді мақсат етеді. Дүниежүзіндегі негізгі діндер – ислам, христиандық, буддизм, иудаизм барлығы бейбітшілік пен адамгершілікті насихаттайды. Алайда соңғы жылдары «діни экстремизм» ұғымы кең таралып, дін мен зорлық-зомбылықты қатар атайтын түсінік қалыптасты. Бұл жерде «Дін мен экстремизм арасында қандай байланыс бар?»

рухани ізденіске бейімдігі, әлеуметтік қолдаудың жетіспеуі радикалды ұйымдардың оларға әсер етуін жеңілдетеді.

Діни экстремизмнің тамырына үңілсек, оның туындауына әсер ететін бірнеше негізгі себептерді көруге, психологиялық тұрғыдағы әлсіздікті атауға болады. Кейбір жас азаматтар қоғамнан өз орнын таба алмай, болашағына сенімсіздікпен қарайды. Бұл – оларды теріс жолға итермелейтін факторлардың бірі. Екіншіден, діни сауаттың



ДІН МЕН ЭКСТРЕМИЗМ АРАСЫНДА ҚАНДАЙ БАЙЛАНЫС БАР?

деген маңызды сұрақ туындайды.

Бір қарағанда, дін мен экстремизм – бір-біріне мүлде қарсы ұғымдар. Дін – рухани кемелдікке жетелейтін жол, ал экстремизм – шектен шыққан, радикалды көзқарас. Кейбір топ дін атын жамылып, өздерінің саяси, экономикалық немесе идеологиялық мүдделерін іске асыруға тырысады. Бұл жағдайда дін тек құралға айналып, шынайы мәнінен ажырап қалады.

Діни экстремизм – дінді өз мүддесіне пайдаланатын, оны бұрмалап, қоғамға қарсы бағыттайтын радикалды көзқарастар мен әрекеттердің жиынтығы. Мұндай топтар бейбітшілікті, адамгершілікті насихаттайтын діндердің шынайы құндылықтарын жоққа шығарып, зорлық-зомбылықты ақтауға тырысады. Олар өз идеологияларын күштеп таңып, өзгеше ойлайтындарды дұшпан санайды. Бұл үрдіс әсіресе жастар арасында белең алып отыр. Жастардың өмірлік тәжірибесінің аздығы,

жеткіліксіздігі де үлкен рөл атқарады. Дін жөнінде толық әрі дұрыс білім алмаған адам кез келген үгітке сеніп қалуы мүмкін. Сонымен қатар интернет пен әлеуметтік желілердегі шетелдік радикалды ұйымдардың әсері де бар. Олар жастарға түрлі уәделер беріп, жалған діншілдікпен алдап-арбауға тырысады. Ата-ананың бақылауы мен отбасылық тәрбиенің әлсіздігі де жасөспірімдердің осындай топтардың ықпалына түсуіне жол ашуы мүмкін.

Діни экстремизмнің салдары өте ауыр. Алдымен ол қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Тәртіпсіздіктер, террористік актілер мен алауыздық қоғамда үрей мен сенімсіздік тудырады. Көп жағдайда кінәсіз адамдар жапа шегіп, мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнеді. Мұндай жағдайлар елдің ішкі тыныштығын бұзып, дамуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар бұл құбылыс діннің шынайы бейнесін бұрмалап, халық арасында дінге деген теріс көзқарастың қалыптасуына себеп болады.

Мемлекет бұл мәселеге үлкен мән беріп отыр. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында бірқатар заң қабылданды. Түрлі түсіндіру бағытында ақпараттық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Арнайы орталықтар мен қоғамдық ұйымдар діни сауатты арттыру бағытында белсенді жұмыстар атқарады. Сонымен қатар діни қызметкерлер мен имамдардың біліктілігін арттыру да маңызды шаралардың бірі. Мешіттер мен медреселерде жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру жұмыстары күшейтіліп келеді. Алайда тек мемлекет тарапынан ғана әрекет ету жеткіліксіз. Бұл – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Ата-ана баласының кіммен араласатынын, немен айналысатынын қадағалауы керек. Мұғалімдер мен тәрбиешілер жастарға бағыт-бағдар беріп, экстремистік идеологияның қауіптілігін түсіндіруге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі де ерекше. Дұрыс әрі нақты ақпарат тарату арқылы

радикалды идеологияның таралуына тосқауыл қоюға болады. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі – қазіргі заманның басты талабы. Қоғам діннің шынайы құндылықтарын түсініп, экстремизм мен радикализмнің дінге еш қатысы жоқ екенін ұғынуы қажет.

Діни экстремизммен күрес тек жазалаумен шектелмеуі керек. Бұл – рухани, тәрбиелік, білім беру бағытындағы кешенді жұмыс. Сонда ғана біз қоғамда тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтай аламыз. Әрбір азамат діни экстремизмнің салдары қандай ауыр болатынын түсініп, оған қарсы тұруда өз үлесін қосуға тиіс.

«ALDASPAN» талдау орталығы,
Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет,
тілдерді дамыту және спорт бөлімінің
мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы
бойынша

ӨЗІҢМЕН КҮРЕС ӨЛГЕНШЕ

Адамзаттың өмірі тәртіптен басталады. Үй ішіндегі тыныштықтан бастап, көше мәдениетіне, қоғамдағы өзара сыйластыққа дейін бәрі де заң мен тәртіпке бағынады. Бұл екеуі болмаса, бейбіт өмірдің берекесі де, дамудың бағыты да болмайды.



Заң – қағаздағы баптар ғана емес, әділдіктің өлшемі. Ал тәртіп – сол әділдіктің күнделікті өмірдегі көрінісі. Бірі екіншісін толықтырып, қоғамның тепе-теңдігін ұстап тұрады. Егер заң қатал, бірақ әділ, ал тәртіп жүйелі болса, адамдар сеніммен өмір сүреді, өз болашағына сенеді.

Бір сәт ойланайық: көшеде жол ережесін сақтаған жүргізуші, кезегін күткен адам, өз ісіне адал қызметкер бәрі – тәртіп мәдениетін қалыптастырып жүрген қарапайым мысалдар. Бұл ұсақ-түйек болып көрінгенмен, шындығында қоғамның ең үлкен жетістігі – адамдардың ішкі жауапкершілігі.

Заңға бағыну қорқыныштан емес, санадан туындауы керек. Себебі шынайы тәртіп адамның өз арынан басталады. Әркім өз

орнында әділ, адал болса, қоғамның да жүзі – жарқын, болашағы – айқын.

Қоғамды өзгерту үшін алдымен өз мінезімізді түзеу қажет. Көшеде қоқыс тастамай, сөзге ұқыпты болып, уәденді орындау да заң мен тәртіпке құрметтің белгісі. Өйткені тәртіп дегеніміз – тек тыйым емес, мәдениет.

Заң мен тәртіп қорқыныш емес, сенім жүйесі болуы керек. Сонда ғана адам өз елінде еркін, қауіпсіз өмір сүре алады. Әрқайсымыз өз орнымызда адал болып, өз ісімізге жауапкершілікпен қарасақ, міне, нағыз дамыған қоғамның бейнесі – осы.

Айымгүл СЕРІКҚЫЗЫ,
«Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ бас маманы

Қосшы қаласы – елорда іргесіндегі жас қала және даму динамикасы жоғары аймақ. Осыған орай тыныс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы да белсенді. Көші-қон, құрылыс, инфрақұрылымның жаңаруымен қатар, түрлі мәселе де артып келеді. Солардың ішіндегі ең өзекті бағыттардың бірі – қылмысқа қарсы күрес және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Әрине, даму белсенділігі жоғары аймақта әлеуметтік бейімделу қиындықтары, уақытша жұмыспен қамту, жастардың бос уақытын қалай өткізуі мәселелері сияқты кейбір тәуекелдер де бар. Осы тұрғыдан алғанда, Қосшының қылмысқа қарсы күрес жүйесін қарастыру – қаланың тұрақтылығын, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аса маңызды.

Жалпы, бүгінде Ақмола облысында қылмыстық құқықбұзушылықтар саны шамамен 21,1% азайған. Ауырлығына қарай жіктеп жеткізсек, аса ауыр қылмыстар 8,7%, ауыр қылмыстар 12,6%, ұрлық-қарлық 20,1%, тонау 39,7% кеміп отыр.

Аталған деректер облыс деңгейінде ептеп оң өзгеріс бар екенін айғақтайды. Ал Қосшы қаласында тұрғындар тарапынан тек ішкілікпен байланысты құқықбұзушылықтар мәселесі байқалған. Сондай-ақ ара-тұра үйге ұрлыққа түсу фактісі де тіркелді. Осылайша, қазір облыс деңгейіндегі орташа тенденция Қосшы қаласының да оң динамикада екенін көрсетіп отыр.

«Сақтықта қорлық жоқ» дегендей, сонда да құрылыс пен инфрақұрылым жаңғырып жатқан қалаға өзге жұрттың жиі келетінін ескерсек, қылмысқа қарсы жүйенің жұмыссыздық, белгісіздік сияқты әлеуетті тәуекелдерге сай икемделуі маңызды. Сондықтан қалалық полиция бөлімдері көшелерде, жолдарда патрульдік қызметті күшейту үстінде. Мысалы, қазір жүргізушілерді алкогольге мас халде ұстауға қатысты акциялар өткізіліп жатыр. Бұл бағытта қоғамның құқық қорғау органдарымен тікелей өзара байланысы аясында учаскелік инспекторларға жан-жақты қолдау көрсетіліп тұрады.

Сондай-ақ Қосшы қалалық прокуратурасы «Тергеушінің көмекшісі АІ» атты пилоттық жобаны іске қосып, тергеу жұмыстарын цифрлық құралдар арқылы жеделдетуді қарастырып отыр. Бұл қадам қылмыстың алдын алу мен тергеуге кеткен уақытты қысқартуға бағытталған.

Қазір қалада адам саудасына қарсы арнайы комиссия да жұмыс істеп тұр. Оның

ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАЛЫПТЫ ҚАЛА

аясында құқық қорғау органдары мен үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп, ақпараттық білім беру іс-шараларын ұйымдастырады. Мұндай бағдарлама тұрғындарды құқықбұзушылыққа бейім жағдайда болмауға шақырады. Сонымен қатар олардың экономикалық дағдарыс кезінде өз қауіпсіздігі мен құқығын қорғау шараларынан хабардар болғаны маңызды.

«Адам қылмысқа мәжбүрліктен барады» деген сылтауға келсек, ол мәселенің де шешімі бар. Қосшы қаласы бойынша қазір әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға, жастарға, еңбекке жарамсыз азаматтарға көмек көрсету мақсатында әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібі бекітілген. Себебі шынымен де сол әлеуметтік қолдауы төмен адамдардың құқықбұзушылыққа көбірек бейім болуы ықтимал. Сол үшін осындай профилактикалық шаралардың өтіп тұрғаны артықтық етпейді.

Енді Қосшы қаласында қылмыстың пайда болуына ықпал ететін факторлар жиынтығын былайша қарап көруге болады:

Біріншіден, жұмыссыздық және уақытша жұмыспен қамтылу. Қала құрылыс аймағы ретінде белсенді, бірақ тұрақты жұмыс орнын таппаған немесе әлеуметтік қамсыздандыруы шектеулі адамдар үшін тәуекел күшейеді.

Екіншіден, миграция, жаңа аудандардың құрылуы, қоғамның қатпарлы құрылымының қалыптасуы біраз уақыт алады. Осындай жағдайларда бақылау, инфрақұрылымның кешігуі, карантиндік немесе әлеуметтік қызметтер тапшылығының көрінуі мүмкін.

Үшіншіден, жасөспірімдер мен жастардың бос уақыты көп болса, олардың бұзақылық, ішімдікке тәуелділік және құқықбұзушылыққа бағыт алуы ықтимал.

Төртіншіден, тәртіптік-құқықтық мәдениет пен қоғамдық белсенділіктің төмен болуы. Тұрғындардың құқық қорғау органдарымен қарым-қатынасы, құқықтық сауатының төмендігі профилактика жұмысының нәтижелілігін төмендетуге әкеп соғуы мүмкін.

Ондайға жол бермес үшін қалада жастарға арналған қоғамдық кеңістік, спорттық-мәде-

ни орталық ашылып, жұрттың оған қатысу белсенділігін арттыру жұмыстары қолға алынған. Жұмыссыздық мәселесін төмендету мақсатында жергілікті бизнес пен кәсіпкерлікті қолдау, құрылыс саласында жұмыс істеуді тұрақты ету ісі де қарастырылған. Басқа жақтан қоныс аударып келген тұрғындарды интеграциялау бағытында мектеп, мәдениет үйлері, қоғамдық қабылдау қызметтері күшейтіле түсті.

Сондай-ақ патруль мен бақылау қызметін қаланың өсіп келе жатқан аудандарына жиі бағыттап тұрған дұрыс. Өйткені ескі және жаңа аймақтарда құқықбұзушылық деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.

Одан бөлек, қоғаммен тығыз байланыс орнатып, тұрғындардың құқықбұзушылықтарды дереу хабарлау мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл үшін жергілікті ақпараттық науқандар жиі жүргізіліп тұруға тиіс.

Жастарға, аз қамтылған отбасыларға бағытталған әлеуметтік-психологиялық қызметтерді күшейтпесе, тағы болмайды. Білім беру, тренинг, тәлім-тәрбие бағдарламаларын ұйымдастыруды жиілеткен жөн.

Алкоголь мен нашақорлықпен күрес бойынша мониторинг, емдеу және оңалту жолдарын қамтамасыз ету сияқты арнаулы іс-шараларды жиілеткен жөн.

Оған қоса, жергілікті әкімдік, полиция, қоғамдық кеңестер арасында үйлестірілген жұмыс жүйесі бойынша жүргізілген шаралардың нәтижесін кезең-кезеңмен бағалап, кеткен кемшіліктерді уақытында түзетіп отыру керек.

Баса ескерер мәселе, қылмысқа қарсы күрес тек полицияның ғана міндеті емес. Сондықтан ол қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтуға тиіс.

Қорыта айтқанда, Қосшы қаласының ұсынған шараларды толық іске асыру арқылы таза, қауіпсіз ортаға айналуға мүмкіндігі жоғары. Тұрғындардың құқығын қорғап, тыныш орта құруға барша саналы азамат мүдделі деп білеміз.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

ЕРҒАЛИ ЕЛШІ

Бүгінде дипломатия ардагері, кезінде бірнеше елде Төтенше және өкілетті елші қызметін абыроймен атқарған мемлекет және қоғам қайраткері Ерғали Бөлегенов туралы ой-толғауымның өзіндік орны бар. Алдымен оның бірнеше жыл елден жырақта жүріп, сыртқы саясатымызды сындарлы да сапалы жүргізудегі ерен еңбегі дипломатия дарабозы деп атап өтуге лайық. Бір жағынан тегінен мінезге бай, дарыны, қабілеті ерекше, бойына жинақтаған тәжірибесі мен білгірлігі мол, мемлекетке жан-жақты қызмет еткен саясаткерлік бейнесі мен өмір жолы жастарға үлгі-өнеге боларлықтай тұлға.

Міне, осындай абыройлы да мәнді адал еңбегінің қазір зейнетін көріп отырған Ерғали Бөлегеновты осы қол жеткен жетістіктері балалық шақтан басталып, туған жерінен нәр алғанын өңіміне арқау етеді. Ол 1954 жылы 26 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында дүниеге келген. Жастайынан қоғамның, өз уақытының, замандастарының алдығы қатарында жүрген Ерғали балалық шағында-ақ өзінің бойындағы ерекше бір қасиеттерін – іске адалдығын, еңбек сүйгіштігі мен табандылығын көрсетті. Ол мектепте оқып жүргенінде теңізші болуды өзіне мақсат етіп қойып, ұшы-қиыры көрінбейтін мұхиттың толқындарын көруге құштарлығы артады. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге өзі сұранып, теңіз флотына аттанып, арманына жетті. Тынық мұхиты флотының құрамында әскери кемелерде өз қызметін 3 жыл бойы үздік атқаруы оған флоттың үздік дабыл қағушысы болуына мүмкіндік берді. Оның еңбегі КСРО Қорғаныс министрінің орынбасары – маршал К. Москаленконың және ТМФ қолбасшылығының атынан арнайы көтермелеулермен марапатталды. Маршал сол кездегі Қазақстан басшысы Д. Қонаевқа қазақтың осындай жан-жақты азаматын теңіз қызметіне дайындап жібергені үшін алғыс хат пен рахметін білдіріп, Ерғали Бөлегеновпен бірге түскен суреттерді жіберді. Д. Қонаевтың тапсырмасымен сол кездегі «Ленинская смена» жастар газетіне «Так служат наши земляки, маршал сталды доволен» деген атпен Ерғалидың маршал К. Москаленкомен бірге түскен фотосуреті және оның сұхбаты шыққан.

Кеңес Армиясы қатарында қызметін абыроймен өтеп келген соң ол Шымкент қаласындағы ең ірі кәсіпорындардың бірі – Май комбинатының комсомол ұйымын басқарды.

Ерғали Бөлегеновты содан кейін Мәскеудегі П. Лумумба атындағы Халықтар достастығы университетінің тарих-филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1984 жылы ойдағыдай тәмамдап, испан тілін білетін тарих пәнінің оқытушысы мамандығын алып шықты. Ол өзінің біліктілігі, мақсаткерлігі мен еңбекқорлығының арқасында үнемі ізденісте болып, білімін жетілдіре түсті. Сондықтан Ресейде алған білімін одан әрі нығайтып, 1994 жылы Қазақ химия-технологиялық институтын, 1998 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін ойдағыдай бітірді.

Мәскеу және отандық Жоғары оқу орындарынан алғаннан кейін 2003 жылы экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертациясын Киев қаласында сәтті қорғап, өзіндік ғалым ретінде де көрсете білді.

Е.Бөлегенов еліміз тәуелсіз мемлекет атанып, жаңадан тәуелді басып, дербес дамуға қол жеткен шағында жас мемлекетіміздің құрылып, ел санасында орнығып, өмірде тұрақтануына барын салып еңбек етті. Ол партиялық қайраткер бола отырып, нұсқаушыдан бөлім меңгерушісіне дейінгі жолды жүріп өтті.

Ерекең тәуелсіздігіміздің ең қиын алғашқы жылдарында, экономика күйреген, жаңа мемлекеттік институттар мен құрылымдар әлі аяғынан тұра қоймаған, заң, қаржы, жұмыс жоқ кезде Оңтүстік Қазақстан облысында әкімшілік-ұйымдастырушылық қызметтерді абыроймен атқарды. Шымкент қаласының Дзержинский (Әль-Фараби) аудандық және Шымкент қалалық Халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланды. Осындай іскерлігінің арқасында үлкен сенімге ие болған ол Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің орынбасары, содан соң бірінші орынбасары болып тағайындалды.

1995 жылы Қазақстанның алғашқы қос палаталы Парламентінің сайлауында Шымкент қаласының азаматтары – әлеуметтік сала санаты қолдаушыларының арқасында Ерғали Бөлегеновтің бірінші турда депутаттыққа 10 кандидаттың ішінен жеңімпаз болып шыққаны кездейсоқтық емес. Осылайша ол бірінші шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаты мандатын иеленіп, 1996 жылы өмір жолындағы парламенттік қызмет кезеңі басталды. Осы кезеңде оның мемлекеттік, қайраткерлік бейнесі анық көрініп, мүмкіндігі мейлінше ашыла түсті. Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің мүшесі болып, өкілеттіктер бөлінгенде оған еліміздің сыртқы саясаты мәселелеріне жетекшілік ету міндеті бұйырды. Бұл жерде депутат Е.Бөлегеновтің тікелей басқарған комиссияларының бірқатар заңды әзірлегенін, содан соң Парламенттің қабылдағанын, олардың арасында «Дипломатиялық қызмет туралы» алғашқы Заңның ерекше орын алатынын атап өту қажет. Мәжіліс отырысында халық қалаулысына бұл заңды әзірлеуде атқарған жұмысы үшін сол кездегі Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаев алғысын білдірген. Сол сәттерде Мәжілістің әртүрлі комитетіндегі бір мүдделес, үндес болып қызмет атқарған әріптестері оның өзіне тән іскерлігі мен алғырлығын қадірлеп, олардың арасында да сый-құрметке, абыройға ие болды. Депутат ретінде Ерғали Бөлегеновты Мәжілістің, мемлекетіміздің беделін, абыройын арттырып, оның халықаралық деңгейде басқа елдермен терезесі тең жағдайын қуаттандыруға білгірлікпен тиімді үлес қоса алды. Сонымен қатар ол еліміздің заңдық, құқықтық кеңістігін қалыптастыруға өз уақытында мол үлес қосты.

Ерғали Бөлегенов 1999 жылы депутаттық өкілеттігін аяқтағаннан кейін тең тағдырын сыртқы саяси ведомстводан байланыстыруды ұйғарды. Бұл жерде де оның өзіне тән қасиеттері – іске кәсіби тұрғыда қарауы, жауапкершілігі және ұйымдастырушылық қабілеті тағы да танылды. Ол ұзақ жылдар еліміздің Сыртқы істер министрі ретінде кіші дипломатиялық қызметкерден бастап, жоғары лауазымды дипломатиялық қызметтерге дейін абыроймен атқарып, көпвекторлы сыртқы саясатымыздың қалыптасуына және оны сапалы да сындарлы жүргізуге

айтарлықтай еңбек сіңірді.

Атап айтсақ, ТМД департаментінде кеңесші лауазымынан ТМД істері жөніндегі комитеттің бөлімше бастығына, одан басқарма бастығына дейінгі мансап баспалдағынан біртіндеп өтті. Осы уақыттарда ол президенттің, премьер-министр мен Сыртқы істер министрінің ТМД-ның бірқатар елдеріне сапарларын дайындауға және өткізуге, екіжақты, сондай-ақ көпжақты ынтымақтастықтың саяси құжаттарының жобаларын әзірлеуге белсенді түрде қатысты. Жақсы ұйымдастырушылық қабілеті, кең ой-өрісі, мемлекеттік қызметтегі бай тәжірибесі ескеріліп, 2001 жылы Ерғали Бөлегенов Қазақстан Республикасының Украинадағы елшілігіне кеңесші, содан кейін кеңесші-үкілі болып тағайындалды. Дәл осы кезеңде екіжақты қазақ-украин қарым-қатынастарын нығайтып, барлық деңгейде өзара сапарлар жүйелі, ведомствоаралық және аймақаралық, байланыстар кеңейді, тауар айналымы артты.

Ерғали Бөлегенов Украинада 4 жыл жұмыс істеп, 2005 жылы СІМ Орталық аппаратына қайта оралып, жауапты жоғары қызмет – ТМД істері жөніндегі департамент директоры лауазымына тағайындалды. 2007 жылдың қазанында оның тікелей қатысуымен ТМД-ны одан әрі реформалау тұжырымдамасы және оны іске асырудың негізгі іс-шараларының жоспары жасалды және оларды мемлекет басшылары мақұлдады. Сол жылдары Еуразиялық экономикалық қауымдастық пен қазір жұмыс істеп тұрған Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шеңберінде Кеден одағы шарттық-құқықтық базасының іргетасы қаланды. Ұжымдық әріптестік шарты ұйымының аясында өзара әрекеттесу кеңейіп, бекіді. Жұмыстың ең қыруар әрі қызықты шебі, ынтымақтастықтың ресейлік бағыты ерекше орын алды. Алғашқы жылдары президенттер бекітетін Қазақстан мен Ресей арасындағы іс-қимыл жоспарлары Ерғали Бөлегеновтың тікелей қатысуымен жасалды.

Ерғали Бөлегеновтың СІМ Орталық аппаратында, сондай-ақ шет елдерде жинақтаған дипломатиялық қызметінің тәжірибесі, орасан зор ұйымдастырушылық қабілеті, сонымен бірге П. Лумумба атындағы Халықтар достастығы университетінде оқыған жылдарында испан тілін меңгеруі ескеріліп, 2008 жылы президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі және Қазақстан Республикасының БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымының тұрақты өкілі міндетін қоса атқарушы болып тағайындалды. Оның өмірінің осы мезеті дипломатиялық қызмет кезеңінің мазмұны жағынан жарқын да жемісті сәттеріне айналды.

Испания Король сарайының басшыларымен, министрліктерімен, Парламент жетекшілерімен орнатылған жеке қарым-қатынасының арқасында екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуде елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Президенттің (2008 ж.), Қорғаныс минис-

трінің (2010 ж.) Испанияға, Испания Үкіметі төрағасының (2011 ж.), Испания Сыртқы істер министрінің (2009 ж.), Сенаты вице-спикерінің (2010 ж.) Қазақстанға сапарлары болды. 2009 жылы Астанада Қазақстан-Испания үкіметаралық комиссиясының кезекті отырысы ойдағыдай өтті. Елші Ерғали осы жұмыстардың барлығының жоғары деңгейде өтуіне тікелей атсалысып, ұйымдастырды. Испания Қазақстанның 2009 жылы Стратегиялық әріптестік туралы шартқа қол қойған екінші еуропалық елі болды. 2010 жылдың бірінші жартысында Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына және Испанияның Еуропалық Одаққа төрағалықтары кезіндегі іс-әрекеттерін үйлестіру шеңберінде белсенді өзара ықпалдасу жолға қойылды.

2010 жылы Ерғали Бөлегенов ұйымдастырған, арасында Испания Сенатының вице-спикері Хуан Хосе Лукас және бұрынғы Сыртқы істер министрі Марселлино Ореха және басқалары бар испандық көрнекті саясат және қоғам қайраткерлерін, депутаттарын біріктірген Қазақстанның Испаниядағы достар клубы еліміз үшін оқ имидж қалыптастыруда өзінің тиімділігін көрсетті. Елші екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше көңіл бөлді. Бұл екі ел арасындағы тауар айналымының айтарлықтай өсуіне тауар айналымы 700 миллион АҚШ долларын қамтыса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 1,2 миллиард АҚШ долларына арты.

Е.Бөлегеновтың елші ретінде осындай жетістіктері ескеріліп, оның 2012 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының ТМД Жарғылық және басқа да органдары жанындағы тұрақты өкілі міндетін қоса атқарушы болып тағайындалуы дипломатиялық мансабының жалғасы болды. Бұл тағайындауды оның жұмысының жинақталған дипломатиялық тәжірибесімен қатар, ТМД, ҰҚШҰ, Кеден одағы және одан әрі Еуразиялық экономикалық одақ болып құрылатын БЭК сияқты аймақтық интеграциялық бірлестіктерге бірлесіп қатысатындықтан, Ресей сынды ең маңызды стратегиялық әріптестік айналып отырған Беларусь рөлінің артуымен байланыстыруға болады. Ерғали Бөлегенов Қазақстанның елшісі ретінде Беларусьте болған уақытта сол кездегі президент Нұрсұлтан Назарбаевтың екіжақты ынтымақтастыққа жаңа серпін беретін 2012 жылдың мамырында Минскіге жасаған ресми сапары ойдағыдай өтті. Екі елдің шарттық-құқықтық базасы кеңейді, министрліктері мен ведомстволарының, ұлттық компаниялары делегацияларының сапарлар алмасуы барынша жиіледі.

Е.Бөлегенов елші болған тұста екі ел арасындағы тауар айналымының көлемі 1 млрд АҚШ долларына жақындады. Сондай-ақ елші Қазақстан, Беларусь және Ресеймен бірлесіп отырып, Кедендік Одақ пен Біртұтас экономикалық кеңістік құруда оның



барлық тетігін толығымен іске қосуға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізіп, алғашқы нәтижелерге қол жеткізді. Сонымен қатар екі елдің Парламенттері, министрліктері мен ведомстволары, ұлттық компаниялары, өңірлері делегацияларының өзара сапар алмасуы жиіледі. Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысының екі палатасының да спикерлері Қазақстанға ресми сапарларын іске асырды. Өз кезегінде ҚР Парламенті Мәжілісінің спикері Беларуське ресми сапармен барды. 2014-2016 жылдары өкімдер бастаған Ақмола, Алматы, Атырау, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары делегацияларының Беларусь өңірлеріне, ал Минск, Гродно, Могилев және Гомель облыстарының басшылары бастаған делегациялардың тиісінше Қазақстан өңірлеріне жемісті сапарларын өткізді.

Ерғали Бөлегеновті қай жерде жүрсе де ақкөңілдігі, жоғары жауапкершілігі мен адалдығы, терең біліктілігі, өзіне, өзгелерге талап қоя білуі, әдептілігі, мәселелердің төркінін зерделеп, оларды шешудің ең тиімді жолдарын таңдай алуы ерекшелендіріп тұрады. Оның орынды ойы, ұтқыр сөзі, келісті келбеті, ақжарқын, кеңпейіл мінезі, адамгершілік ілтипаты бәрімізді өзіне ұйытып отырады. Ол 6 жылдай беделді елші болып, 2017 жылы Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының ТМД Жарғылық және басқа да органдары жанындағы тұрақты өкілі лауазымдарын ойдағыдай аяқтап, абыроймен зейнетке шықты.

Ерғали Бөлегеновтың еліне сіңірген еңбегі еленіп, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен, «Күрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, президенттің Алғыс хаттарымен, Украина, Испания, Беларусь сияқты шет мемлекеттердің медальдері және белгілерімен, сондай-ақ президенттердің шешімімен ТМД грамотасымен және ТМД Атқарушы комитетінің грамотасымен атап өтілген. Сондай-ақ Ерғали аға Шымкент қаласының, туған жері Сайрам ауданының да құрметті азаматы атанды. Қазақ дипломатиясына сіңірген ерен еңбегі ерекше аталып, 2017 жылы оған Сыртқы істер министрінің бұйрығымен «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді.

Дипломатиялық қызметпен көп жыл бойы шетелде ұзақмерзімді іссапарда болғанмен, Е. Бөлегенов Қазақстанның облыстарымен, әсіресе өзі туып-өскен Оңтүстік Қазақстан облысымен, қала, аудандарымен

тығыз байланыста болып, жұртшылықпен кездесіп, кәсіпорындар, оқу орындары, газет редакцияларының ұжымдарымен жүздесіп, теледидарға шығып, облыстық және қалалық басылымдарға бірнеше рет сұхбат берген. Қазақстан облыстарының кәсіпорындарына, кәсіпкерлеріне шетелдік әріптестерімен екіжақты байланыс орнатуға жәрдемдескен. Шымкент қаласының тұрғындары арасында үлкен абыройға ие. 2019 жылы президенттік сайлау барысында Шымкентте кандидат Қ. Тоқаевтың бас сенімді өкілі болды. Онда ірі кәсіпорындар мен мекемелердің ұжымдарымен көптеген үгіт-насихат жүргізіп, кездесулер өткізді, өз кандидатын қолдау форумдарында сөз сөйледі. Сайлау қорытындысы бойынша Ерғали Бөлегенов президенттің Алғыс хатымен марапатталды.

– Өмірлік ұстанымым – адал еңбек ету, бір сөзді болу. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші, адал еңбек қашанда нәтижелі жемісін беретінін өз тәжірибемде анық көрініп жетті, - дейді өзі.

Ардагер дипломат, қамқор отағасы, жақсы аке, өзінің өмірлік жары Шарина Құрбаншақызымен бірге 2 ұлы – Ерман мен Бақытжанды ұлғілі тәрбиелеп, бүгінде олардан бірнеше немере сүйіп отыр. Балаларының бойына өнегелі тәрбие мен терең білімнің артықшылығын, қажымай еңбекке баулитын игі қасиетін сіңіргені айтпаса да түсінікті. «Құс ұяда не көрсе, ұшақанда соны іледі» деп ата-бабаларымыз айтқандай, білім, тәртіп, еңбек, тектілік, кісілік, сана, пайым, ақыл-парасат салтанат құрған айтулы отбасында аке-шешеден алған үлгі-өнеге басым тұрады.

Осындай өмірлік тәжірибемен, үлкен абыроймен зор құрметке бөленіп, ел ағасы атанып отырған Ерғали Бөлегеновты бытыр мерейлі де мәртебелі 70 жасқа толғанда мерейтой иесіне мемлекет басшысынан бастап, Сыртқы істер министрінен және бірнеше халықаралық ұйым мен елшіліктерден келген құттықтау хаттар легі қол болды. Алдағы уақытта да Ерғали аға бұдан да жоғары дәрежелі марапаттарды иеленіп, өзінің сапалық мінезін, салмақты да сабырлы кісілік келбетімен абырой биігінен көрініп, еліміздің игілігі мен дамуы жолында мемлекетіміздің нығаюына зор үлес қоса береді деп сенеміз.

Гүлсім ЕҢСЕПОВА,
Сыртқы істер министрінің І сыныпты кеңесші-дипломаты, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Күрмет» орденінің кавалері, ҚР Журналистер Одағының мүшесі

1		2		3		4		5		6	7		8		9
					10										
11				12						13					
			14		15		16		17						
18			19		20				21			22			
		23		24		25		26		27	28				
	29		30		31				32		33			34	
35				36					37		38				
			39					40							
41				42		43					44				
			45	46		47					48				
49		50		51		52				53			54		55
56				57	58				59			60			
				61		62		63			64				
65										66					
					67										
68										69					

ТІПІНЕН:

1. Гүлді өсімдіктердегі тәтті шырын. 2. Жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған ғимараттар кешені. 3. Екі жаққа тең бөлініп тартылатын көкпар. 4. Көкөніс түрі. 5. Мейіз қосылған тәтті нан. 7. Ауыз қуысы мен жұтқыншақ аралығы. 8. Жапон киімі. 9. Спорт түрі. 12. Жапон асханасындағы кеспе түрі. 13. Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы. 15. Желден, жауыннан пана жер. 16. Ет жеудегі бір дәстүр. 17. 3,14 саны. 19. Ұлттық тәтті тағам түрі. 22. Жүрек жұмысын жандандырып, қан қысымын жоғарылататын гормон. 24. Бір атадан тараған туыстар тобы. 25. Абылай ханның жас кезіндегі лақап аты. 26. Қысы-жазы көгеріп тұратын қылқан жапырақты ағаш. 28. Бір нота. 29. Аю тектес момын жануар. 31. Құжаттың не квитанцияның түбіртегі немесе бір зат алу үшін берілген бақылау қағаз. 32. Тәжікстандағы қала. 34. Ноғай Ордасын құрған қолбасшы. 36. Металдың бұлінуінен болатын тотық. 37. Дүбірлі салтанат. 43. Мұңлы, шерлі, қайғылы. 46. Ресейлік мотоцикл маркасы. 48. Азық түрі. 49. Африка саванналарында өсетін жуан ағаш. 50. Жиалған дүние, мол дәулет. 51. Танымал иран-швед әншісі. 53. Есен, түгел. 54. Белгілі бір аумақта бірге тұратын және өзара байланыстағы адамдардың қауымдастығы. 55. Сауда жасауға немесе белгілі бір кәсіп қылуға құқық беретін куәлік. 58. Жабайы жануар. 59. Жайылым, шөп. 61. Солтүстік Африканың байырғы халқы. 62. Араб әліпбиіндегі «ғ» әрпінің айтылуы. 63. Кеміргіштер отрядына жататын кішірек аң. 64. Берілген сөз, серт.

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. АҚШ-тағы штат. 6. Қысқа әрі жіңішке етіп дайындалған, тақтайлардан қиоластырып төселген еден. 10. Күн мен түннің теңелу нүктесі орналасқан шоқжұлдыз. 11. Тотықус отрядына жататын құс. 13. Орта Жүздегі ру. 14. Басында ащы дәні бар дәрілік өсімдік. 18. Мұсылман халық. 20. Патронның бас бөлігі. 21. Үй жануары. 22. Сөздің басына жалғанып қарсылықты көрсететін қосымша. 23. Солтүстік Ирландиядағы қала. 25. Орта Азияны мекендеген ежелгі тайпалардың одағы. 27. Италиян футбол бапкері, бұрынғы футболшы. 30. Тибет айдаһары. 31. Түркі халықтарының бірі. 33. Апан, шұңқыр. 35. Жеке, оқшау. 36. Арқасы жоқ орындық. 38. Жасы келген, жасы ұлғайған. 39. Ұн қосылған көже. 40. Үйеңкі түрлерінің шырынынан алынатын қант. 41. Құрманғазының күйі. 42. Халық аңызындағы бір батыр. 44. Сленг, жаргон. 45. Дене мүшесі. 47. Зейін, ықылас. 48. Ер бала. 50. Туыстық атау. 52. Теңіздегі үлкен толқын. 53. Алманың бір сорты. 56. Даңқ, абырой. 57. Ежелгі Мысырдағы Күн құдайы. 59. Электр кедергілер бірлігіне аты берілген физик. 60. Дипломатиялық хат алмасу құжаты. 61. Қазақстандағы облыс. 65. Қазақстандағы көл. 66. Қорытынды, түйін. 67. Қазақтың ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр. 68. Халықтың басым көпшілігі. 69. Ыстық жақтарда өмір сүретін зиянкес жәндік.

Айқарма беттегі сөзжұмбақты құрастырған: Аршат Ораз (жауаптары газеттің келесі нөмірінде)

«Jaņa Bastau» газетінің №41 (180) санында жарық көрген 1-кроссвордтың дұрыс жауаптары:

А	С	Т	А	Р		Д	Ю	Ш	Е	С		Ж	А	С	Ы	Л
Ц		Е		Э	Г	О		А		А	Д	А		И		У
Т	У	Р	А	М		Р	А	Н	Е	Т		Р	Е	Г	Б	И
Е		Е		Б	Р	А		А		И	О	Н		М		Н
К	А	К	А	О		М	А	Қ	А	Р		А	Б	А	Ж	А
	Т		Ж		Н	А	З		Н	А	С		А		А	
С	А	Д	А	Қ	А		А	Қ	Ы		А	Қ	Қ	А	Л	А
А		И		А	Л	А	Н		Қ	О	П	А		С		Н
Б	О	Л	И	Д		З			Б		Т	Ұ	Т	Қ	А	
А		Е		А	Л	А	С		С	А	Т	Ы		Р		Й
Қ	Ұ	Р	А	М	А		Ұ	Р	А		А	Р	Ж	А	Й	Ы
	Ш		К		С	Э	Р		Қ	А	Л		У		О	
Д	А	Р	Т	С		Т	Ы	М	А	Қ		Қ	А	Л	Д	А
А		О		А	Р	А		Ә		Ы	Ғ	Ы		И		Л
Қ	А	Б	Ы	Л		Л	А	З	Ы	М		С	Ы	Р	Ғ	А
Ы		О		У	Н	О		І		А	Я	Қ		И		Ш
Л	У	Т	О	Н		Н	А	Р	Ы	Қ		А	К	К	Р	А

«Jaņa Bastau» газетінің №41 (180) санында жарық көрген 2-кроссвордтың дұрыс жауаптары:

К	Ү	Л	П	А	Ш		Р	А	П	И	Р	А				
О		И		Қ	Ы	Т	А	Й		М						
Л	А	М	А		Т	А	Й		М	А	Т	Ч				
Л		А	Я	Р		Б		Д	А	Н		О				
А	С		Н		Б	О	Р		Ң		Т	У				
Ж	Е	З		Т	А	Р	А	Қ		Б	А	С				
	З	А	М	А	Н		М	А	З	А	Р					
Б	І	Л		М	А	Р	Е	З		Б	И	С				
Е	М		С		Н	Ә	Н		Т		Ф	А				
Р		К	Ө	Л		М		К	У	Б		Р				
И	Р	А	К		Ш	І	Л		Р	А	Г	У				
Н		Т		Б	О	З	О	Қ		Р		А				
Г	Р	А	Н	И	Т		Р	И	Д	Д	Е	Р				



ҚОСШЫЛЫҚ ЖАСТАР АЙТЫСТЫҢ КӨРКІН ҚЫЗДЫРДЫ



Айтыс – қазақ халқының ең көне әрі өміршең өнері. Бұл – суырыпсал-малық поэзияның шыңы, ақындық шеберліктің сынға түсетін сахнасы. Сөздің қуатын, ойдың өткірлігін, тілдің байлығын паш ететін ерекше өнер.

Республика күні қарсаңында Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде еңбек адамдарын насихаттау мақсатында «Еңбегім – саған, елім!» атты аймақтық жас ақындар айтысы өтті.

Айтысқа қала әкімі Азамат Есімұлы арнайы келіп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Іс-шараны айтыскер ақын, «Алтын домбыра» иегері Еркебұлан Қайназар жүргізді.

Қазылар алқасының құрамында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Шалдыбеков, ақын әрі галым Әсем Ережеқызы, сондай-ақ ақын Бауыржан Қарағызұлы болды.

Қала әкімі Азамат Қапышев жыр додасына түскен жастарға сәттілік тілеп, сондай-ақ әкімнің орыбасары Берген Жұмкей Қосшы қала мәртебесін алғалы жыл сайын дәстүрге айналған бұл айтыстың маңыздылығы мен

рухани тәрбиелік мәніне тоқталды.

Сонымен, сөз сайысына 12 жас ақын түсіп, көрерменге тамаша рухани әсер сыйлады.

Бас жүлдені Сырым Нығызбаев (500 мың теңге) жеңіп алды. I-орын Мұхтар Қонарбаевқа (300 мың теңге), ал II-орын Нартай Тілеуқұл және Нәрия Ақбабақызына (әрқайсысына 200 мың теңген) бұйырды.

III-орынды Берденбек Мырзат, Нұрмахан Жақыпбек және Таңжарық Ержан (әрқайсысы 150 мың теңген) өзара бөлісті.

Қалған бес қатысушы – Марсел Ерсайынов, Ұлан Қазымбек, Айсұлу Жүнісбек, Тоқтасын Семейхан және Ерсұлтан Аушанов айтысқа белсенді қатысқандары үшін ынталандыру сыйлықтарына (100 мың теңген) ие болды.

Ғани АТЫМТАЙ



«Jana Bastau» газеті ресми хабарландырулар қабылдайды

Газетте жарияланатын хабарландыру түрлері:

- Тендерлер, мемлекеттік сатып алулар, аукциондар, есептер, баланстар, лоттар, сауда-саттық, жалпы жиналыстар, тарифтердің өзгеруі және өзге де ресми хабарламалар;
- Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті (ЖШС) тарату туралы хабарландырулар;
- Жарғылық капиталды азайту туралы хабарландырулар;
- Құжаттардың, шарттардың, бланкілердің, патенттердің, мөрлердің, жарғының, құрылтай құжаттарының, сақтандыру полистерінің жоғалуы туралы хабарландырулар;
- Банкроттық ісін қозғау туралы хабарландырулар;
- Мұрагерлерді іздеу туралы хабарландырулар;
- Із-түзсіз жоғалған азаматтарды іздеу туралы хабарландырулар.

Газет туралы ақпарат:

- «Jana Bastau» газеті аптасына бір рет жарық көреді және Қазақстанның барлық өңірінде таратылады.
- Астана қаласында газетті мына орындардан сатып алуға болады: «Орбита», «Гүлжан», «Артем» газет дүңгіршектері және «Қазпшта» бөлімшелері.
- Газетті Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ЦОН), әділет департаменттері, салық органдары және өзге де мемлекеттік мекемелер ресми құжат ретінде қабылдайды.

Байланыс ақпараты:

WhatsApp: 8778 443 20 95

ХАБАРЛАНДЫРУ БАҒАЛАРЫ

Бағасы:

- 6000 теңгеден бастап (жоғалған құжаттар туралы хабарландырулар);
- 10 000 теңгеге дейін (заңды тұлғаны тарату туралы хабарландырулар).

Баға құрамына мыналар кіреді:

- Қазақ және орыс тілдерінде әзірленген мәтін;

- PDF форматындағы ресми нұсқа;
- Дайын хабарландыруды жеткізу;
- Есептік (жабу) құжаттардың толық топтамасы.



Маңызды ақпарат:

«Jana Bastau» – ресми және заңды маңызы бар хабарландыруларды жариялауға уәкілетті басылым. Біздің жарияланымдар ХҚКО, Әділет, Салық комитеті және басқа да мемлекеттік органдарда заңды күшке ие.

Тіркеу туралы мәлімет:

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 2024 жылғы 18 қаңтарда тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022 ж., № KZ40VPY00045578.

Газета «Jana Bastau» принимает официальные объявления

Виды объявлений, публикуемых в газете:

- о тендерах, государственных закупках, аукционах, отчетах, балансах, лотах, торгах, общих собраниях, изменении тарифов и других официальных уведомлениях;

- о розыске наследников;
- о розыске без вести пропавших граждан.

Информация о газете:

- Газета «Jana Bastau» выходит один раз в неделю и распространяется на территории всех регионов Казахстана.
- В Астане газету можно приобрести в газетных киосках «Орбита», «Гүлжан», «Артем», а также в отделениях «Қазпочта».
 - Газета официально принимается ЦОНами, органами юстиции, налоговыми управлениями и другими государственными учреждениями.

Контактная информация:

WhatsApp: 8778 443 20 95

Стоимость размещения

Цена объявления:

- от 6000 тенге (утрача документов);
- до 10 000 тенге (ликвидация юридического лица).

В стоимость входит:

- Текст на казахском и русском языках;
- Официальная версия в формате PDF;
- Доставка готового объявления;
- Полный комплект закрывающих документов.

Важная информация:

Газета «Jana Bastau» является официальным изданием для публикации юридически значимых объявлений.

Публикации в газете имеют юридическую силу и принимаются ЦОНами, Министерством юстиции, налоговыми органами и другими госструктурами Республики Казахстан.

Регистрационные сведения:

Газета «Jana Bastau» зарегистрирована в Комитете информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан. Дата регистрации: 18 января 2024 года.

Свидетельство № KZ07VPY00085845. Первичная постановка на учет: 04 февраля 2022 года, № KZ40VPY00045578.

- о ликвидации товариществ с ограниченной ответственностью (ТОО);
- об уменьшении уставного капитала;
- об утере документов, договоров, бланков, патентов, печатей, устава, учредительных документов, страховых полисов и иных бумаг;
- о возбуждении дела о банкротстве;

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор

Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары,
веб-редактор

Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТЕР:

Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:

Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші

Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Ерік ЕЛЕУСІЗ

Нөмірдің кезекшісі

Аяжан ЕРБОЛ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:

Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:

тел.: +7 (701) 709-88-82

📄 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com

🌐 www.janabastau.kz